

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«О.ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ
ИНДУСТРИАЛДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МҚҚК**

«КЕЛІСЕМІН»

АҚ «Өзенпромгеофизика»
президенті

 Тулесинов Ж.Е.
« 01 » 09 2021ж

«БЕКІТЕМІН»

«О.Тұрмағанбетұлы атындағы
Маңғыстау индустриалды
техникалық колледжі» МҚҚК
басшысы

 Т.М. Ускимбаев
« 01 » 09 2021ж

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық: «05320100- Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеумен барлау

Біліктілік: 3W05320101 Геологиялық жұмыстардағы
жұмысшы
3W05320102 Геологиялық түсірім және іздеу
жұмыстарындағы жұмысшы
4S05320103 Техник-геолог»

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР

Дыбысова Р.Т.- «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау
индустриалды техникалық колледжі» МКҚК басшысының ОӘЖ жөніндегі
орынбасары;

Қуатова Р.Х.- «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды
техникалық колледжі» МКҚК басшысының ОІЖ жөніндегі орынбасары ;

Жанбосынова Т.С.- «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау
индустриалды техникалық колледжі» МКҚК әдіскер

Сегизбаева Ж.Х. – «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау
индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, арнайы пәндер оқытушысы;

Бектліева Г.С. - «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау
индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, арнайы пәндер оқытушысы;

Тулесинов - «ӨзенПромгеофизика» АҚ-нің бас директоры

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ, КЕЛІСІЛДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Колледж әдістемелік кеңесі

№ 1 хаттама « 28 » 08 20 21 жыл

Колледж Индустриалдық кеңесі

№ 3 хаттама « 29 » 08 20 21 жыл

Мазмұны

1	Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба	4
2	Қысқартулар мен белгілеулер тізімі	8
3	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар	10
4	Оқу жұмыс жоспары	12
5	Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны	20
6	Оқу жұмыс бағдарламалары	55
7	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	77

1. Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба

«05320100-Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)» 3W05320101-«Геологиялық жұмыстарындағы жұмысшы»; 3W05320102-«Геологиялық түсірілім және іздеу жұмыстарындағы жұмысшы» 4S05320103-«Техник-геолог» біліктіліктеріне арналған білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жасақталды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 530 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 28 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы; Сыныптауыштың сәйкестілігін анықтау үшін 2021 жылғы 17 ақпан № 61 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сәйкестеген анықтау үшін әдістемелік нұсқаулық»;

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының Кәсіптік стандарт:»Геология және жер қойнауын барлау», «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, №334 бұйрығы 07.12.2018 ж кәсіби стандарты;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (2021.16.09. берілген өзгерістермен), ҚР Білім және ғылым министрінің 2021.16.09. № 472 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді);

- Техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы (ҚР БҒМ 27.09.2018 ж. №500 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2021.07.21 № 354 бұйрығымен). Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша және академиялық еркіндікті ескере отырып;

- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 №90 бұйрығы);

- «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 31.10.2017 ж. № 553 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы, 15.09.2021 ж. №469 өзгеріс енгізілді;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығы "Talap" KEAҚ сайтында орналастырылған "НҚА жоба 2021" Техникалық және кәсіптік білім берудің "05320100 - Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)" мамандығы бойынша үлгілік оқу жоспарлары 97;98 қосымшалары;

Жұмыс оқу жоспары техникалық және кәсіптік білім берудің коды мен бейінін, біліктілігін, базасын, нысаны мен нормативтік мерзімін көрсетеді. Жұмыс оқу жоспары оқу пәндерінің (модульдердің) тізімін, көлемін, мамандықтарға, біліктілігіне сәйкес оқыту тәртібі мен бақылау түрлерін, техникалық және кәсіптік білім беру орындарындағы оқу мерзімін мемлекеттік деңгейде белгілейтін негізгі құжаттың бірі болып табылатын және білім беру бағдарламасының жалпы бағытын, көлемі мен негізгі мазмұнын айқындайды.

Жұмыс оқу жоспары жалпы білім беретін міндетті және таңдау бойынша пәндерден құралып сонымен қатар базалық модульден. Кәсіби модульден 3 біліктіліктен тұратын , 3W05320101-«Геологиялық жұмыстарындағы жұмысшы;»3W05320102-«Геологиялық түсірілім және іздеу жұмыстарындағы жұмысшы» 4S05320103-«Техник-геолог» біліктіліктері бойынша 16 модульден, оқу нәтижелерінен тұрады. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша мекемеде өтетін кәсіптік практика қосылды. Теориялық оқытудың күндізгі нысаны оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалды (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді).

«Жалпы білім беретін пәндер» модулі 1440 сағат, 60 кредитті құрайды. Сонымен қатар қосымша сынытан тыс жұмыстар және консультациямен қосқанда 1656 сағат жалпы 69 кредитті құрайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 31.08.2021 –ғы №5-13-2/3424-И шығыс хаты «2021-2022 оқу жылында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарының оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар» негізінде жалпы білім беру пәннің тізбесі жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалды.

жалпы берілген сағаттар бойынша 60% дейін теориялық оқыту, 40% дейін оқу практикалық жұмыстар мен өндірістік оқу болып бөлінді.

Кәсіби модульде пайдалы қазбалардың кен орындарын барлауды жүргізу үшін, Іздеу нәтижелері бойынша болжамдық ресурстарды есептеуді

және кен орындарын бағалауды орындау, Пайдалы қазбаларды іздеуді жүргізу

КМ 15. Пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеуді және барлауды орындау . талаптарын сақтау кәсіптік модулі қосылды.

Жұмыс оқу жоспарларын әрбір құрылымдық элемент үшін (жалпы білім беретін, базалық және кәсіптік модульдер, емтихандар, қортында емтихандар, консультациялар мен факультативтік сабақтар, жұмыс берушілердің талаптарына сонымен қатар академиялық еркіндікті ескере отырып, білім беру ұйымдары анықтаған өндірістік оқыту және кәсіптік практика) оқу мерзіміне байланысты бөлінген оқу уақытының сағаттары, жұмыс оқу жоспарының кәсіптік практика бөлімінде кәсіптік практиканың барлық түрлері көрсетілген. Жұмыс оқу жоспарында бақылау нысаны курстарда және жарты жылдықтарда белгіленетін пәндер бойынша сынақтар мен емтихандарды қамтиды.

Барлық пәндер бойынша, бақылау жұмысы, сынақ алу, емтихан – негізгі түрлері болып есептелетін, аралық аттестация өткізу қарастырылған. Бақылау жұмыстары мен сынақ алу, осы пәнді оқытуға берілген уақыт есебінен өткізіледі; емтихандар – аралық аттестацияға берілген уақытта (дене тәрбиесінен басқасы). Емтихан сессиясының бір аптасына енгізілетін емтихан саны екіден аспайды. Жалпы білім беретін пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі: Физика пәндерінен емтихан өткізуді көздейді. Кәсіби модульдерде аралық аттестацияға біліктіліктің маңызды пәндеріне енгізіледі.

Білім беру бағдарламасы келесі мамандарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі - ҰБШ) 3 және 4 біліктілік деңгейіндегі құзыреттілік талаптарын ескере отырып дайындалған:

3W05320101-«Геологиялық жұмыстарындағы жұмысшы;» (ҰБШ 3 деңгейі);

3W05320102-«Геологиялық түсірілім және іздеу жұмыстарындағы жұмысшы» (ҰБШ 3 деңгейі);

4S05320103-«Техник-геолог» (ҰБШ 4 деңгейі);

Білім беру бағдарламасы жұмысшы мамандығы бойынша мамандарды дайындау мен білікті жұмысшы сертификатын және диплом беруді қарастырады.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы циклдар бойынша модульдер тізімін қамтиды: міндетті модульдер; базалық жалпы кәсіптік модульдер; кәсіптік модульдер.

Құзыреттіліктерге негізделген білім беру бағдарламасы өмір бойы білім алу тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, себебі, білім беру бағдарламаларының мазмұны біліктілігі жоғары, бір жағынан құбылмалы еңбек жағдайларына бейімделуге және екінші жағынан кәсіби өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті мамандар дайындауға бағытталған.


Оқытуды ұйымдастыруға модульдік тұрғыдан келу оқу орындарының білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру барысында қажет біліктілік

алуына қажет кәсіптік модульдерді таңдауына жағдай жасауға мүмкіндік береді, оның аясында білім алушы өзінің оқуын өзі басқара алады және басқаруға тиіс. Бұл оны оқуы үшін, ал болашақта кәсіби өсуі мен мансап жолы үшін жауапкершілік алуға үйретеді. Осылайша, білім алушы тұтынушы ретінде білім беруге қанағаттанады, ол еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап қата отырып, өмір бойы білімін жетілдіре алады.

2. Қысқартулар мен белгілеулер тізімі

1. ММ – міндетті модульдер
2. ЖБМ – жалпы білім беру модульдері;
3. КМ – кәсіби модульдер;
4. ӨО – өндірістік оқыту;
5. КТ – кәсіптік тәжірибе;
6. АА – аралық аттестация;
7. ҚДБББ –кәсіптік дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті беру;
8. ҚА – қорытынды аттестация;
9. К – кеңес беру;
10. Ф – факультативті сабақтар;
11. МЕМСТ – мемлекеттік стандарт;

3.Функционалдық талдау



4 Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

4.1 Білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушы келесі базалық құзыреттерге ие болу тиіс (бұдан әрі-БҚ)

Құзіреттілік	Өнеркәсіптің/кәсіпорынның оқушылардың дайындық деңгейіне қоятын талаптары	
Базалық құзіреттілік	Біліктілігі Геологиялық жұмыстарындағы жұмысшы	БҚ 01 Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру БҚ02 Ақпараттық -коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану БҚ03 Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және негіздерін қолдану
	Біліктілігі Геологиялық түсірілім және іздеу жұмыстарындағы жұмысшы	БҚ 01. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру
Кәсіби құзіреттілік	Біліктілігі Техник-геолог	БҚ0 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру БҚ 04. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану

Базалық модульдер		
БҚ 01 Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	БМ 1 Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау
		ОН 1.2. Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру
БҚ02 Кәсіптік қызметтік аясында кәсіптік лексиканы қолдану	БМ 2 Кәсіптік қызметтік аясында кәсіптік лексиканы қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мақсатында кәсіби тілдерді игеру
		ОН 2.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мақсатында шетел тілдерін игеру
БҚ03 Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және негіздерін қолдану	БМ 3 Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің жасыл экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау
БҚ 04. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру

5. Білім беру бағдарламасының құрылымы

Кәсіби құзыреттілік	Оқу модулі	Оқыту нәтижелері	Қалыпта сатын база лық құзырет тілік коды
«Геологиялық жұмыстарындағы жұмысшы» біліктілігі			
ҚҚ1 Модульде дайындық жұмыстарын орындауда геологиялық жұмыстарға зерттеулер жүргізу үшін қажетті керек-жарақты, аспаптар мен жабдықтардың түрлері мен типтерін пайдалануды, сақтауды, қаптаудың ережелерін үйренеді. Дайындық жұмыстарына сәйкес жабдықтарды, техника мен құрал-саймандар мен жұмыс жасауды, карталарды рәсімдеу жұмыстарын меңгереді.	КМ 1. Геологиялық жұмыстарының далалық маусымына дайындық жұмыстары	ОН 1.1 Геологиялық құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды жинау кезінде дайындық жұмыстарын орындау. ОН 1.2. Геологиялық құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды буып-түю және тиеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау. ОН 1.3. Карталар мен жоспарларды картографиялық қаріппен ресімдеу.	
ҚҚ2 Модульде дала лагерінің алаңдарды дайындауды, аспаптарды, жабдықтарды, керек-жарақтарды іске қосу.Тау-кен қазбаларын тазарту жұмыстарын, сынамалар ГБЖ жобасын және техникалық тапсырыс берушінің тапсырмаларын және геологиялық зерттелу жұмыстарын. Қосымша материалдар мен геологиялық ауданы бойынша материалдардың тізбесін (тізімін) жасауды. Зерттелетін жұмыс	КМ 2. Далалық геологиялық жұмыстарды жүргізу кезіндегі дайындық жұмыстары	ОН 2.1. Дала лагерінің алаңдары мен тұрақ орындарын дайындауға қатысу. ОН 2.2. Далалық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстау және қызмет көрсету. ОН 2.3. Бұрын өткен тау-кен қазбаларын тазарту, жаңаларын үңгілеу және ұсақ тау-кен қазбаларын жою.	

ауданының геологиясы туралы негізгі мәліметтері, сынамаларды алудың тәсілдерін анықтайтын факторлар, сынамалаудың принциптерін меңгереді.		ОН 2.4. Әр түрлі материалдардың сынамаларын алуға көмек көрсету. ОН 2.5. Сынамалардың телнұсқаларын сұрыптауды және оларды сынамалау үшін дайындауды орындау. ОН 2.6. Аспаптық түсірілімді орындауға қатысу.	
ҚҚ3 Модульде дайындық жұмыстарда алынатын тау жыныстарының түрлерін, тау жынысын құрайтын минералдарды, тау жыныстарында қазбалы фауна мен флораның болуын анықтауды, тау-кен компасымен азимуттық бағыттарды анықтауды меңгереді.	КМ 3. Жою жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық жұмыстары	ОН 3.1. Геологиялық жабдықты бөлшектеу кезінде дайындық жұмыстарын жүргізу. ОН 3.2. Далалық геологиялық жұмыстардың салдарын жоюды жүзеге асыру. ОН 3.3. Геологиялық жабдықтар мен керек-жарақтарды буып-түю және тиеу ОН 3.4 . Диагностикалық белгілері бойынша ең көп таралған тау жыныстарын құрайтын минералдар, тау жыныстары, тау жыныстарында фауна мен флораның болуын анықтау. ОН 3.5 . Нүктелерді байланыстыру мақсатында тау-кен компасымен азимуттық бағытты анықтау.	
ҚҚ4 Модульде электр құралдарын қолдана отырып сынамаларды алу, кернді іріктеу, бұрғылау әдістерін қолдану. Кернді іріктеу құжаттарды рәсімдеуді меңгереді.	КМ 4. Механизмдер мен жабдықтарда кернді бөлу және сынамаларды кесу	ОН 4.1. Қолмен және электр құралдарын қолдана отырып, жоғары дәлдікпен және қатаң рұқсатпен кернді кесу. ОН 4.2. Электр құралдары мен жабдықтардың көмегімен сынамаларды алу. ОН 4.3. Сынама алу үшін механизмдер мен жабдықтарды дайындауды орындау. ОН 4.4. Нақты жағдайларда бұрғылау	

		әдісін таңдау.	
ҚҚ5 Модульде тау жыныстары туралы оның қасиеттерін анықтауды, сынамалар жүргізуді, сынамаларды маркалау мен орындау жұмыстарын, сынамалардың санын есептеу, бақылау сынамаларының санын анықтау, техникалық және далалық құжаттарды толтыруды меңгереді.	КМ 5. Сынамаларды маркалау және орау, техникалық құжаттаманы жүргізу	ОН 5.1. Тау жыныстарының қасиеттеріне байланысты сынама алу. ОН 5.2. Сынамаларды маркалау мен орауды орындау. ОН 5.3. Түрлері бойынша сынамалар санын есептеу. ОН 5.4. Бақылау сынамаларының санын анықтау. ОН 5.5. Техникалық және далалық құжаттаманы жүргізу.	
ҚҚ6 Модульде геологиялық түсіру және іздестіру жұмыстарын, аспаптармен жұмыс жасауды, құрал-жабдықтармен жұмыс жасауды, карталардың түрлерімен жұмыс жасауды және рәсімдеуді меңгереді.	КМ 6. Геологиялық түсіру және іздестіру жұмыстарының далалық маусымына дайындық жұмыстары	ОН 6.1. Геологиялық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды орау бойынша дайындық жұмыстарын орындау. ОН 6.2. Геологиялық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды тиеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау. ОН 6.3. Карта бойынша ауданның геологиялық құрылысына талдау жасау.	
ҚҚ7 Модульде далалық жұмыстарды орындауға қатысу, аспаптармен жұмыс орындай білуді, тау-кен қазбаларын тазарту, жаңаларын үңгілеу түрлерін анықтауды, тау-кен қазбаларын жоюды, геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуді алынған мәліметтер бойынша карталар тұрғызуды, қабаттардың түрлерін анықтауды, геологиялық карталармен қималарды жасауды, минералдарға диагностика жүргізуді, минералдарды, тау жыныстардың	КМ 7. Далалық геологиялық түсіру және іздестіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық жұмыстары	ОН 7.1. Дала лагерінің алаңдары мен тұрақ орындарын дайындауға қатысу. ОН 7.2. Далалық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстау және қызмет көрсету. ОН 7.3. Бұрын өткен тау-кен қазбаларын тазарту, жаңаларын үңгілеу және ұсақ тау-кен қазбаларын жою. ОН 7.4. Геологиялық зерттеулер жүргізу	

<p>құрамын анықтауды меңгереді.</p>		<p>кезінде дайындық жұмыстарын орындау ОН 7.5. Геологиялық карталарды түсіруді және ресімдеуді орындау. ОН 7.6. Тау жыныстары қабаттарының қатпарлы, үзілмелі бұзылыстарын анықтау. ОН 7.7. Графикалық қосымшаларды қолданыстағы стандарттарға, нұсқаулық талаптарға сәйкес қимасын жасау және рәсімдеу. ОН 7.8. Минералдар мен тау жыныстарын анықтау үшін диагностикалық белгілерді қолдану, далалық жағдайларда минералдарға диагностика жүргізу. ОН 7.9. Пайдалы қазбалар кен орындарының өнеркәсіптік маңызын анықтау мақсатында геологиялық зерттеулер жүргізу.</p>	
<p>ҚҚ8 Модульде геологиялық жабдықтарды бөлшектеу кезінде дайындық жұмыстарын жүргізуді, жабдықтарды буып-түю жұмыстарын орындауды меңгереді.</p>	<p>КМ 8. Геологиялық түсіру және іздеу жұмыстарының салдарын жою кезіндегі дайындық жұмыстары</p>	<p>ОН 8.1. Геологиялық жабдықты бөлшектеу кезінде дайындық жұмыстарын жүргізу. ОН 8.2. Далалық геологиялық түсіру және іздеу жұмыстарының салдарын жоюды жүзеге асыру. ОН 8.3. Геологиялық жабдықтар мен керек-жарақтарды буып-түю және тиеу.</p>	

ҚҚ9 Модульде пайдалы қазбалардың сапасын мен санын анықтауды олардың қорларын есептеуді, ашылымдар мен тау-кен қазбаларын сынамауауды, штуфты тәсіл, атызды тәсіл, шпурлы тәсіл, көлемдік тәсілдерімен кернді кесу әдістерін меңгереді.	КМ 9. Тау жыныстарын контурлау және жару, шпурларды бұрғылау, кесу	ОН 9.1. Пайдалы қазбалардың сапасы мен санын анықтау, олардың жер қойнауындағы қорларын есептеу үшін тау-кен қазбаларында атыздық, сыдыру, шпурлық және басқа да сынамаларды іріктеуді орындау. ОН 9.2. Тау жыныстарын контурлау және қазу. ОН 9.3. Шпурларды бұрғылау, кернді кесу.	
ҚҚ10 Модульде сынамаулар алудың механизмдерінің орындалу тәртібін, жабдықтармен жұмысты, геохимиялық сынамаулар орындауды, минералдарға химиялық талдау жасауды, минералдық құрамын анықтау, минералдардың петрографиялық құрамын талдауды меңгереді.	КМ 10. Сынамауларды алу бойынша дайындық жұмыстары	ОН 10.1. Сынамауларды алу бойынша механизмдер мен жабдықтарда жұмыс істеу. ОН 10.2. Құралдарды, механизмдер мен жабдықтарды жұмысқа дайындау. ОН 10.3. Геохимиялық сынамауы орындау. ОН 10.4. Шлихті сынамауы орындау. ОН 10.5. Минералдарды, кендерді, тау жыныстарын далалық химиялық әдістермен анықтау (диагностикалау). ОН 10.6. Минералды-петрографиялық зерттеулерді орындау.	
ҚҚ11 Химиялық құрамды анықтау, химиялық анализдің мақсаттары, химиялық құрамын анықтау әдісінің жалпы мәліметтерін. Минералдық құрамын анықтау, минералдық анализдің мақсаттарын, минералды құрамын анықтау әдісінің жалпы мәліметтері. Кеннің технологиялық қасиеттерін зерттеу, физикалық –техникалық сынауларды меңгереді.	КМ 11. Сынамауларды маркалау және орау, техникалық құжаттаманы жүргізу	ОН 11.1. Сынамауларды маркалау мен орауды орындау. ОН 11.2. Техникалық және далалық құжаттаманы жүргізу. ОН 11.3. Физикалық-механикалық сынақтар үшін сынамауларды дайындауды орындау.	

<p>ҚҚ12 Тау жыныстарының сипаттамасы, геологиялық объектілердің графикалық құжаттауы. Жер асты тау-кен қазындыларды, тікқазбаларды, канаваларды, ашылымдарды суреттеу, далалық фотоға түсіру, далалық және алдын ала бажайлаудың құжаттамасы.</p>	<p>КМ12.Геологиялық материалдармен жабдықтарды дала жұмыстарына дайындау</p>	<p>ОН 12.1 Зерттелетін жұмыс аймағының геологиясы туралы материалдар мен ақпаратты іздеу және жинау. ОН 12.2 Геологиялық барлау жабдықтары мен керек-жарақтарын дайындауды және тексеруді орындау. 12.3 Жер асты суларының түрлерін, генезисін, сипаттамасын, ағындардың гидродинамикалық ерекшеліктерін анықтау. ОН 12.4. Топырақтың түрлерін, олардың шығу тегі мен қасиеттерін анықтау. ОН 12.5. Далалық жұмыстарға шығуға әзірлеу, объектілердің оларды пайдалануға беруге әзірлеуактілерін жасау. ОН 12.6. Нақты табиғи және геологиялық жағдайларда ең ұтымды іздеу әдістерін таңдау. ОН 12.7. Іздеу және іздеу-бағалау жұмыстарының жобаларын жасау.</p>	
<p>ҚҚ13Модульде геологиялық барлау жұмыстарына ауданды дайындау. Кешенді жұмыстарды орындау, жүргізуді меңгереді.</p>	<p>КМ 13.Далалық геологиялық түсіру, іздеу және барлау жұмыстары</p>	<p>ОН 13.1.Дала лагерінің орнын дайындау. ОН13.2. Далалық лагерьді орналастыру. ОН 13.3. Геологиялық-түсіру, іздестіру-барлау маршруттарын жүргізуге қатысу. ОН 13.4. Геологиялық-түсіру, іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу кезінде тау жыныстарының үлгілерін, кернді және сынамаалардың барлық түрлерін іріктеуді, өндеуді және құжаттаманы жүзеге асыру.</p>	

		<p>ОН 13.5. Зерттеу және талдау үшін тау жыныстарының үлгілерін және сынамалардың барлық түрлерін ресімдеу, буып-түю және жөнелту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асыру.</p> <p>ОН 13.6. Геологиялық бақылаулардың далалық журналын, ұңғымалар мен тау-кен қазбалары кернінің құжаттамасын толтыруға қатысу.</p> <p>ОН 13.7. Бастапқы геологиялық ақпаратты жинау.</p> <p>ОН 13.8. Дала лагерін жоюды жүзеге асыру.</p>	
ҚҚ14 Қоршаған ортаны қорғау қағидаларын, алынған материалдарды өңдеуді, геологиялық ақпараттармен жұмыс жасауды, ГБЖ кезінде алынған мәліметтерді рәсімдеу.	КМ 14. Бастапқы геологиялық ақпаратты камералдық өңдеу	<p>ОН 14.1. Бастапқы материалдарды далалық камералдық өңдеу.</p> <p>ОН 14.2. Геологиялық барлау жабдықтарын, керек-жарақтарын және бастапқы геологиялық ақпаратты сақтауға беру.</p> <p>ОН 14.3. Геологиялық ақпаратты өңдеуді, геологиялық-түсіру, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепті дайындауды жүргізу.</p> <p>ОН14.4.Геоақпараттық бағдарламаларға мәліметтерді енгізуді орындау.</p> <p>ОН 14.5. Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиялық құрылымын сипаттау.</p> <p>ОН 14.6. Геологиялық барлау жұмыстарындағы күрделі салымдардың тиімділігін есептеуді жүргізу.</p>	
ҚҚ15Модульде іздестіру және барлау	КМ 15. Пайдалы қазбалардың	ОН15.1 Пайдалы қазбаларды іздеуді	

жұмыстарын жүргізу принциптерін, геологиялық түсірлім жұмыстардың сатыларын, іздестіру жұмыстардың сатылары туралы жалпы мәліметтер барлаудың сатыларын	кен орындарын іздеуді және барлауды орындау	жүргізу ОН 15.2 Пайдалы қазбалардың кен орындарын барлауды жүргізу.	
---	---	--	--

6 Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны

БМ 01 «Дене қасиеттерді дамыту және жетілдіру»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль адамның әлеуметтік кәсіптік жалпы мәдени дамуындағы дене тәрбиесінің ролін, дене тәрбиесінің әлеуметтік биологиялық және психофизиологиялық негізі, өзін-өзі жетілдірудің физикалық және спорттық негізін, дене тәрбиесінің кәсіби қолданбалы дайындығын сипаттауға мүмкіндік береді.

Модульге кіріспе

Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. Физикалық қасиеттерді және психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. Жарақаттану және жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. Физикалық қасиеттерді және психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. Жарақаттану және жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетуді білу.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН.1.Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау	1. Салауатты өмір салты негіздері мен мәдениетін ұғынады. 2. Бұлшық етке жүктеме түскен кездегі тыныс алу, қан айналым және энергиямен қамтамасыз ету жүйелері қызметінің физиологиялық негіздерін сипаттайды. 3. Жалпы дене дайындығы бойынша жаттығулар кешенін орындайды. 4. Күнделікті өмірде салауатты өмір салты мәдениетін сақтайды.
ОН 2 Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру	1. Дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу кезінде жарақаттардың туындау себептерін, жарақаттанудың алдын алу тәсілдерін түсінеді. 2. Жарақаттар кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді.

БМ02«Ақпараттық -коммуникациялық және цифрлық технология ларды қолдану»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль ақпаратпен жұмыс істеуге қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды ,модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: кәсіптік қатынасқа қажетті қазақ және ағылшын тілдерінде мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдар, құжаттардың жіктелуі; электрондық қызметтер көрсету порталымен жұмыс істеу дағдыларды сипаттайды.

Модульге кіріспе

Бұл модуль ақпаратпен жұмыс істеуге қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды.Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: кәсіптік қатынасқа қажетті қазақ және ағылшын тілдерінде мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдар, құжаттардың жіктелуі; электрондық қызметтер көрсету порталымен жұмыс істеу дағдылары.Білім алушылар модульді зерделеу кезінде мыналарды үйренеді: корреспонденцияны қабылдау, тіркеу және үлестіру, қоңырау қабылдау және қоңырау шалу, телефонмен сөйлесу этикетін сақтау, телефонмен ақпарат қабылдау және оны тіркеу заманауи байланыс құралдарын пайдалану, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ұйымдық-өкімдік және ақпараттық-анықтамалық құжаттармен жұмыс істеу, соның ішінде қазақ және ағылшын тілдерінде, кеңсе техникасын пайдалана отырып, құжаттарды басып шығару, көшіру және жою, электрондық үкімет қызметтерін пайдалану

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

Цифрлық құжат айналымы үшін мамандандырылған бағдарламаларды сипаттайды. Ұйым үшін оңтайлы таңдау мақсатында цифрлық құжат айналымы үшін мамандандырылған бағдарламаларды талдайды. Цифрлық құжат айналымы үшін мамандандырылған бағдарламалар пайдалануды білу. Дайын қолданбалы бағдарламаларды қолдану, ұйымдарда және кәсіпорындарда арнайы компьютерлерді қолдану, есептік бағдарламаларды өңдеу, ЭЕМ жұмыс кезінде бағдарламалық пакетті қолдану, мәтін редакторларын электронды кестелерді, ЭЕМ –нің мәліметтер базасын басқару жүйесін қолдануды білу.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 1.Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мақсатында кәсіби тілдерді игеру	1. Құжаттардың түрлері мен жіктелуін сипаттайды. 2. Құжаттардың ақпараттық және коммуникативтік функциясын түсінеді. 3. Құжаттардың құрылымын анықтайды. 4.Қызметтік құжаттардың негізгі

	<p>деректемелерін қолданады.</p> <p>5. Құжаттың мәтініне қойылатын талаптарды сақтайды.</p> <p>6. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ұйымдық-өкімдік және ақпараттық-анықтамалық құжаттармен жұмыс жасайды.</p>
ОН 2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру мақсатында шетел тілдерін игеру	<p>1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек қатынастарын реттейтін құжаттар туралы білімі бар.</p> <p>2. Еңбек шартының қажетті талаптары туралы ақпаратты меңгереді.</p> <p>3. Түйіндемені, өмірбаянды, мінездемені, өтінішті, арызды, сенімхатты, қолхатты мемлекеттік тілде құрастырады.</p>

БМ03 «Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және негіздерін қолдану»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль Бұл модуль іскерлік шаралар ұйымдастыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды, кенестерді, отырыстарды, брифингтер мен іскерлік кездесулерді жоспарлау мен ұйымдастыру дағдылары, іс-шараларды ұйымдастыруда табысқа жетуге ықпал ететін жедел шешімдерді сипаттайды.

Модульге кіріспе

Бұл модуль кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қызметкерлердің еңбек сапасын ынталандыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды.

Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: қол астындағы қызметкерлердің қызметін талдау және бағалау, ұйым қызметкерлерін ынталандыру жоспарын әзірлеу; Еңбек кодексіне сәйкес қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіну, ұйым қызметкерлерін оқыту.

Білім алушылар модульді зерделеу кезінде мыналарды үйренеді: өз қызметін және персоналдық қызметін ынталандыру, олардың уәждемесін арттыру шараларын іске асыру, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау; ұсынылған түйіндемелерді іріктеу; кадрлардың орнын ауыстыру және орналастыру, қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша кіріспе және ағымдағы нұсқаулық жүргізу.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Экономикалық теория саласындағы негізгі терминдерді және ұғымдарды меңгеру. Меншік формасы мен түрін сипаттау және экономикалық міндеттерді шешу. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға өтуінің негізгі міндеттерін түсіну.

2. Мемлекеттің қаржы-несиелі, қаржылық, әлеуметтік, инвестициялық және антикризистік саясаты; ақша айырылысу түрлері; мемлекеттің және кәсіпорынның оқу көздері және қаржылық құралдарын қолдануды білу.

3. Сұраныс пен ұсыныс теориясының делдалдылығымен тұтынушы нарығындағы шаруашылық субъектілерінің тәртібін, өндіріс теориясын, өндіріс шығындарын, өндіріс факторлар нарығын, нарық құрылымы мен түрлері, макроэкономикалық көрсеткіштерді, нарықтық тепе-теңдіктің макроэкономикалық модельдерін, ақшалы-несиелі, салық-бюджетті саясатты, инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өсу түрлерін анықтау.

4. Кәсіби қызметтегі құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, дамыту және нормативті, құқықтық нормаларды пайдалану. Қазіргі ортада топтың мінез-құлқы мен ойлау мәдениеттері саяси құқықтық жүйеге қалыптастыру.

5. Бизнес-жоспарлаудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы мен жұмыс жоспары процесіндегі менеджменттің тәуекелділігі, бюджетті қаржыландыру жағдайын және жоспарлау және ұйымдастыру принциптерін, еңбек процесінің құрылымын нақтылай білуі керек. Практикалық жағдайда шағын-кәсіпорынның бизнес жоспарын құруды, ұйымдастыруы мен талдауын жасай білу.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру	1.1 Негізгі экономикалық мәселелерді, экономика теориясы мен бизнес негіздерінің тұжырымдық ережелерін түсінеді; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын анықтайды.
ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау	2.1 Субъектілердің қаржыларын басқаруды; қаржылық операцияларда көзделген әрекеттерді орындау; қаржылардың әлеуметтік-экономикалық процестерге әсер етеді.
ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің жасыл экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну	3.1 Тепе-теңдік бағаны және тепе-теңдік сату көлемін есептеуді, өндіріс шығындарын, қорытынды табысты, ұлттық өнімнің жиынтығы, таза экспортты есептеуді, инфляция деңгейін, жұмыссыздық деңгейін талдайды.

ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру	4.1 Құқықтық тәртіптің әдістері мен түрлерін сипаттайды; мемлекеттің ұйымдасқан құқықтық нормаларын талдайды.
ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау	5.1 Маркетингтік зерттеудің барлық әдістерін игеру арқылы фирма мен өнімнің бәсекеге қаблеттілігіне зерттеу, талдау жасау. Бизнес-жоспарда қауіп – қатерді азайтуды анықтау. Өндірістің күш қуатын жоғарлату, сату көлемін ұлғайтып, жаңа нарықта ашу. Жоспарлау механизмдері мен шешім қабылдауда жоспарлаудың дәстүрлік және дәстүрлік емес әдістерімен танысу. Фирманың қаржылық жағдайының негізгі көрсеткіштері мен әдістеріне талдау және қорытынды жасайды.

БМ04 «Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль Өзін және өзінің қоғамдағы орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды төзімділікпен қабылдауға мүмкіндік береді.

Модульге кіріспе

Әлемнің философиялық бейнесін зерттеу, мәдениеттің болмысы мен арналуын түсіну; азаматтық құқықтар мен міндеттерді сақтау; қоғамның даму заңдылықтары мен перспективаларын, қазіргі замандағы әлемнің әлеуметтік-саяси үдерістердің даму үрдістерін түсіну негізінде ойлау мәдениетін қалыптастыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

Жалпы философиялық мәселелерді жақсы білу. Адам өміріндегі еркіндік пен жауапкершілік, материалдық және рухани құндылықтар секілді философиялық категориялардың арақатынасын анықтайды.

Мәдениеттанудың негізгі түсінігін; конфуциялық-даосизм мәдениетін; қытай өнерін, иероглификасын; үнді мәдениеті ерекшеліктері мен оның негізгі жетістіктерін; Ислам, Мұхаммед, құрайшы, Құран, Аллах, Мекке ұғымдарын; христиан дінін оқудағы негізгі принциптері және оның бағыттарының құндылықтарын; Франция мәдениеті Ашельдік мәдениетті; көшпенділердің өмір салтыжәне құндылықтар жүйесін; Қазақстанның орта ғасырлық мәдениетіне түркі және араб мәдениетінің ықпал жасауы туралы біледі.

Адам мен азаматтардың бостандығы мен құқықтары; Оларды орындау механизмдерін; кәсіпшілік қызмет сферасында заңға сүйенген өнегелі-этикалық нормаларды біледі.

Заңдылықтарды түсінудегі әлеуметтік қадамдар туралы; әлеуметтік құрылым, әлеуметтік қабаттар, әлеуметтік қарым-қатынастар туралы түсініктерді; тұлғаның әлеуметтану үрдісінің ерекшеліктерін және оларды реттеудің түрлерін біледі.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну	1.1 Негізгі философиялық ұғымдарды біледі. 1.2 Философия тарихындағы таным үдерісінің мәнін және таным үдерісіне қарай әр түрлі көзқарастарды түсінеді. «Диалектика», «диалектика заңдары», "болмыс", "материя", "қозғалыс", "кеңістік және уақыт" ұғымдарының мәнін сипаттайды. Философияның негізгі категорияларының мәні мен өзара байланысын анықтайды. Әлемнің ғылыми, философиялық және діни көріністерінің ерекшеліктерін түсінеді.
ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну	2.1 Қазақ халқының ерекшеліктерін ашуды; мәдениеттану түсініктерін еркін қолдануды; мәдени салттарын бақылап; көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігін көрсетуді; адамның, қоғамның ішкі мәдениетін анықтай алады.

ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру	3.1Маманның кәсіпшілік қызметін реттейтін нормативті - заңға сүйінген құжаттарды біледі.
ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру	4.1Әлеуметтік қозғалыстарды дамыту және әлеуметтік өзгерістердің басқа факторларын дамытуды; биліктің мазмұнын, саясаттың субъектілерін, саяси жүйелер және тәртіптер туралы түсініктерді қалыптастыра алады.

КМ 01 - «КМ 1. Геологиялық жұмыстарының далалық маусымына дайындық жұмыстары»

Мақсаты және міндеті

Аталған модульде геологиялық жұмыстардың далалық маусымына дайындық жұмыстарын, ұйым қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындауы үшін тиімді іскерлік ортаны ұйымдастыруды білуге мүмкіндік береді. Модульде дайындық жұмыстарын орындауда геологиялық жұмыстарға зерттеулер жүргізу үшін қажетті керек-жарақты, аспаптар мен жабдықтардың түрлері мен типтерін пайдалануды, сақтауды, қаптаудың ережелерін үйренеді. Дайындық жұмыстарына сәйкес жабдықтарды, техника мен құрал-саймандар мен жұмыс жасауды, карталарды рәсімдеу жұмыстарын меңгереді.

Модульге кіріспе

Геологиялық барлау жұмыстарын, сатыларға бөлінуін, геологиялық барлау жұмыстарының мақсаттарын, сатылық схемалардың геологиялық нәтижелерін, пайдалы кенбайлықтардың қорларын, болжамды ресурстарды геологиялық барлау жұмыстарының сатылары мен түрлерін бірыңғай жүйеге біріктіруді меңгереді.

Геологиялық іздеу жұмыстарының техникалық құралдар туралы, геологиялық құрал-саймандардың түрлерін, қызметін керек-жарақтар мен жабдықтардың түрлерін, жұмыс тәртібін, геологиялық барлау жұмыстарын жинау кезінде дайындық жұмыстарын туралы, жұмыстардың мақсатын, орындалу тәртібін меңгереді.

Геологиялық карталау оның міндеттері, карталар мен жоспарларды картографиялық қаріппен ресімдеуі оның міндеттері, геологиялық түсірілімнің әдістемесі, бақылау нүктелерінің нақтылау әдістерін, карталаудың дистанционды әдістерін жасайды.

Геологиялық жұмыстарындағы геологиялық құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды буып-түю және тиеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау, дайындық жұмыстар туралы түсінігін, оның мақсаттарын, қызметтерін, жіктелуін

біледі. Геологиялық құрал-саймандардың түрлерін, қызметін керек-жарақтар мен жабдықтардың түрлерін, қызметін, аспаптардың түрлерін, жинау кезінде дайындық жұмыстарын орындайды. Геологиялық жұмыстарға зерттеулер жүргізу үшін қажетті керек-жарақты, аспаптар мен жабдықтардың түрлері мен типтерін пайдалануды, сақтауды, қаптаудың ережелерін үйренеді. Дайындық жұмыстарына сәйкес жабдықтарды, техника мен құрал-саймандар мен жұмыс жасауды, карталарды рәсімдеу жұмыстарын меңгереді.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Геологиялық барлау жұмыстарының түсінігін, қызметтерін, жіктелуін, құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды жинау кезінде дайындық жұмыстарын орындауды біледі;
2. Геологиялық құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды буып-түю және тиеу бойынша дайындық жұмыстарын орындап біледі;
3. Оңтайлы еңбек жағдайларын жасау үшін қызметкерлерді қажетті материалдық-техникалық құралдар мен қамтамасыз етуді біледі.
4. Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру құралдарымен жабдықтауды іске асырады біледі.
5. Өзін бақылау, есеп құру, күнделік жүргізу, график құру, іскерлік байланыс орнатады біледі.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 1.1 Геологиялық құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды жинау кезінде дайындық жұмыстарын орындау	1. Қаріптерді сызу технологиясын біледі және олардың стандарттарын сақтайды. 2. Сызу-ресімдеу жұмыстарын автоматтандырудың қазіргі кездегі жай-күйі және перспективалары туралы білімдерге ие. 3. Картографиялық қаріптерді таңдайды, негізгі элементтің қалыңдығы бойынша әріптің енін есептейді.
ОН 1.2 Геологиялық құрал-саймандарды, керек-жарақтар мен жабдықтарды буып-түю және тиеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау.	1. Шартты белгілерді жіктейді. 2. Түрлі мазмұндағы карталарды жасау кезінде шартты белгілерді сызуға қойылатын талаптарды сақтайды. 3. Шартты белгілерді сызып алудың әдістемесі мен ерекшеліктерін қолданады. 4. Шартты белгілерді сызып алу үшін инструменттерді қолданады.
ОН1. 3 Карталар мен жоспарларды	1. Карталарды түрлі түсті ресімдеу

картографиялық қаріппен ресімдеу.	<p>әдістерін қолданады.</p> <p>2. Сызу инструменттерін пайдаланады.</p> <p>3. Талап етілетін қалыңдықта сызықтарды сызып алады.</p> <p>4. Түрлі тау жыныстарының шартты белгілерін сызып алады.</p> <p>5. Алаңдарды түрлі түсті қарындаштармен және акварель бояулармен бояйды.</p>
-----------------------------------	---

КМ 02 - «Далалық геологиялық жұмыстарды жүргізу кезіндегі дайындық жұмыстары»

Мақсаты және міндеті

Аталған модульде далалық геологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде дайындық жұмыстарының сатыларын, дала лагерінің алаңдары мен тұрақ орындарын дайындау жұмыстарының түрлерін, далалық керек-жарақтардың, аспаптардың, құралдар мен жабдықтардың жұмыс түрлерін, бұрын өткен тау-кен қазбаларын тазартудың, жаңаларын үңгілеу және ұсақ тау-кен қазбаларын жою жолдарын. Әр түрлі материалдардан сынамалар алуды, рәсімдеуді. Сынамалардың телнұсқаларын сұрыптауды және оларды сынамалау үшін дайындық жұмыстар жүргізу туралы. Аспаптық түсірілім жұмыстарын орындауға біліуді үйренеді.

Модульге кіріспе

Аталған модульде Дала лагерінің алаңдары мен тұрақ орындарын дайындауға қатысу. Далалық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстау және қызмет көрсету Бұрын өткен тау-кен қазбаларын тазарту, жаңаларын үңгілеу және ұсақ тау-кен қазбаларын жою. Әр түрлі материалдардың сынамаларын алуға көмек көрсету Сынамалардың телнұсқаларын сұрыптауды және оларды сынамалау үшін дайындауды орындау Аспаптық түсірілімді орындауға қатысу.

Далалық керек-жарақтардың түрлерін, аспаптардың құрылысын, құралдар мен жабдықтардың жұмыс жасауды тәртібін. Далалық жұмыстардың, геологиялық барлау жұмыстарың құрылымдарын туралы. Кәсіпорындағы күн тәртібін, Барған кәсіпорындарда тау-кен қазбаларына сипаттама береді. Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу кезінде қажетті жеке қорғану құралдарын қолданады. Жұмысшылардың, техниктердің, инженерлік-техникалық жұмысшылардың еңбек жағдайларына сипаттама береді. Кәсіпорында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды, минералдық шикізатты алу және қайта өңдеу технологиясының меңгереді. Бұрын өткен тау-кен қазбаларын тазарту жұмыстарын, жаңаларын үңгілеу әдістерін тау-кен қазбаларын алу жұмыстарын туралы. Әр түрлі материалдардың сынамаларын алуға көмек көрсету. Сынамаларды алудың түрлеріне сипаттама береді. Тау-кен қазбаларынан және ашылулардан сынамаларды алудың тәсілдерін, тау-кен жыныстарының қасиеттеріне қарай сынамаларды алудың тәсілін таңдауды жүргізеді. Аспаптық түсірілімді түрлері бойынша сынамаларды, қорытынды сынамалардың санын.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Дала лагерінің алаңдары мен тұрақ орындарын дайындау жұмыстарын орындай біледі, қазбалардан сынамаларды алу бойынша іс-әрекеттердің тәртібін .
- 2.Түрлі жыныстар мен кендерге арналған қималарды, далалық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды жұмыс орындау тәртібін
3. Тау-кен қазбаларын тазарту, жаңаларын үңгілеу және ұсақ тау-кен қазбаларын жою.Қолданыстағы талаптарға сәйкес болашақ сынаманың контурын салады. Сайманның (кескіш, балға, қайла) көмегімен сынамаларды алады. Кен балғаларын, перфораторларды, пневматикалық және электр сынама алғыштарды қолдана отырып, сынамалардыалады.
4. Әр түрлі материалдардан сынамаларын алу, қолмен және мотобұрғылардың көмегімен ұсақ ұңғымаларды бұрғылауды. Геологиялық сынамаларды алуға және қолмен және механикаландырылған тәсілдермен қазбаларды игеруге техникалық шарттар мен стандарттарды меңгереді.
- 5.Сынамалардың телнұсқаларын сұрыптауды және оларды сынамалау жұмыстарын.
6. Аспаптық түсірілімді орындандау жұмыстарын, тіртібін меңгереді.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 2.1. Дала лагерінің алаңдары мен тұрақ орындарын дайындауға қатысу.	1. Жоспарлар мен карталар туралы түсінігі бар. 2. Геодезияда пайдаланылатын координаттар мен бойлықтар жүйесіне сипаттама береді. 3. Топографиялық карталардың номенклатурасы мен шартты белгілеріне сипаттама береді..
ОН 2.2. Далалық керек-жарақтарды, аспаптарды, құралдар мен жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстау және қызмет көрсету	1. Сызықтардың негізгі бағыттары мен бағдарлау бұрыштарын біледі. 2. Жоспарды картадан айыра біледі. 3. Сызықтардың ұзындығын анықтау және оларды карталарға, жоспарларға салу кезінде масштабтармен жұмыс істейді.
ОН 2.3. Бұрын өткен тау-кен қазбаларын тазарту, жаңаларын үңгілеу және ұсақ тау-кен қазбаларын жою.	1. Шартты белгілердің көмегімен карталарды оқиды. 2. Топографиялық жоспарлар мен карталарда тапсырмаларды шешеді. 3. Сызықтарды бағдарлаудың негізгі бағыттарын айыра біледі. 4. Жоспарлармен және карталармен жұмыс істейді

ОН 2.4. Әр түрлі материалдардың сынамаларын алуға көмек көрсету.	1. Нивелирлеудің мақсатын түсінеді және түрлеріне сипаттама береді. 2. Нивелирдің құрылғысын 3. Геометриялық нивелирлеу формулаларын пайдалана отырып, арттыруды есептейді
ОН 2.5. Сынамалардың телнұсқаларын сұрыптауды және оларды сынамалау үшін дайындауды орындау.	1. Арттырулар теңдігін орындайды және техникалық нивелирлеу нүктелерінің абсолюттік белгілерін айқындайды. 2. Аралық нүктелердің абсолюттік белгілерін айқындайды.
ОН 2.6. Аспаптық түсірілімді орындауға қатысу.	1. Тахеометриялық суретке түсіруді орындау үшін қолданылатын аспаптарға сипаттама береді. 2. Топографиялық суретке түсіруді орындаудың бірізділігін сақтайды. 3. Қазіргі заманғы навигациялық жүйелерді пайдалана отырып, ашылуларды байлау, геологиялық барлау әзірлемелерінің барлау бейіндерінің тәртібін сақтайды. 4. Тахеометриялық суретке түсірудің мәнін түсінеді. 5. Тахеометриялық суретке түсіруді орындайды.

КМ 03- « Жою жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық жұмыстары»

Мақсаты және міндеті

Модульде дайындық жұмыстарда алынатын тау жыныстарының түрлерін, тау жынысын құрайтын минералдарды, тау жыныстарында қазбалы фауна мен флораның болуын анықтауды, тау-кен компасымен азимуттық бағыттарды анықтауды меңгереді. Модульде дайындық жұмыстарда алынатын тау жыныстарының түрлерін, тау жынысын құрайтын минералдарды, тау жыныстарында қазбалы фауна мен флораның болуын анықтауды, тау-кен компасымен азимуттық бағыттарды анықтауды меңгереді.

Модульге кіріспе

Жою жұмыстарын жүргізу кезінде дайындық жұмыстарда алынатын тау жыныстарының түрлерін, тау жынысын құрайтын минералдарды, тау жыныстарында қазбалы фауна мен флораның болуын анықтауды, тау-кен компасымен азимуттық бағыттарды анықтауды меңгереді. Жою жұмыстарын жүргізу кезіндегі дайындық жұмыстары орындауға мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Геологиялық жұмыстарды, олардың орындалу тәртібін, жабдықты бөлшектеу кезінде дайындық жұмыстарының орындалу тәртібін, тау жыныстарының құрамын, құрылысын, минералдардың құрамын анықтайды.

2. Далалық геологиялық жұмыстардың сатыларын, кезеңдерін зерртеу әдістерін.

3. Геологиялық жабдықтар мен керек-жарақтарды буып-түю және тиеу жұмыстарын

4. Диагностикалық белгілері бойынша ең көп таралған тау жыныстарын құрайтын минералдар, тау жыныстары, тау жыныстарында фауна мен флоралардың болуын анықтайды.

5. Нүктелерді байланыстыру мақсатында тау-кен компасымен азимуттық бағытты анықтауды

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 3.1. Геологиялық жабдықты бөлшектеу кезінде дайындық жұмыстарын жүргізу.	1. Жерге геодезиялық сипаттама береді. 2. Физика-географиялық және геоморфологиялық карталарда жердің беткі қабаты рельефінің нысандары мен нысандарының элементтерін айқындайды. 3. Жердің физикалық қасиеттеріне (тығыздық, қысым, температура) және геофизикалық өрістеріне (гравитациялық, магниттік, электр және радиациялық) сипаттама береді және түсіндіреді. 4. Жердің құрылысын түсінеді. 5. Жердің ішкі қабықтарына сипаттама береді. 6. Жердің сыртқы қабықтарына сипаттама береді.
ОН 3.2. Далалық геологиялық жұмыстардың салдарын жоюды жүзеге асыру.	1. Жер қабығының құрылысына сипаттама береді. 2. Жер қабығының заттық құрамы туралы жалпы мағлұматтарды біледі. 3. Жер қабығының жасын және оны анықтау әдістерін біледі. 4. Геохронологиялық шәкілді сызады. 5. Эндогендік және экзогендік процестерге сипаттама береді. 6. Желдену агенттерінің геологиялық қызметін біледі.
ОН 3.3. Геологиялық жабдықтар мен керек-жарақтарды буып-түю және тиеу	1. Тау жыныстарының литологиялық және палеонтологиялық ерекшеліктеріне сипаттама береді. 2. Уақыт бөліктері бойынша басшы организмдерді анықтайды. 3. Қазба организмдердің тіршілік ету ортасына сипаттама береді.

	<p>4. Жердің дамуындағы палеогеографиялық жағдайға сипаттама береді.</p> <p>5. Организмдердің өлшемдері мен сыртқы түрінің өзгеру себептерін түсіндіреді.</p> <p>6. Қолда бар деректер бойынша қорытындылар жасайды.</p>
